

А 2007
ББК

Ғ. Қалиев
Ә. Болғанбаев

ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ
МЕН
ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ



§ 46. Фразеологизмдер туралы түсінік

Тілдің лексикасында қаралатын лексикалық бірліктерден (жеке сөздерден) басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині (грек. *phrasis* сөйлемше және *logos* сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екінші, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді.

Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 ж. шыққан “Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте” фразеологизмге мынадай анықтама берілген: “Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сәй сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер”¹. Осы анықтамаға карағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрі де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері мен сөйлемшелер, коммуникативтік тұрақты қолданыстағы әр түрлі номинативтік бірліктер, қос сөздер мен қосарлы тіркестер, ресми ісқұжаттарындағы даяр сөз орамдары т.б. түрінде болуы мүмкін.

Фразеологизмдердің осы айтылған түрлерінің құрылымдық, мағыналық, қолданымдық сипаты, лексикологияға қатысы бірыңғай емес. Сондықтан тәжірибе жүзінде фразеологизмдер тар және кең мағынада қарастырылады. Бұлайша бөліп қарастырудың мәні фразеологизмнің лексикалық бірлік ретінде танылатын атауыштық сөзбен мағыналық байланысына, сол арқылы лексикологиямен жақындасатынына негізделген.

¹ Лингвистический энциклопедический словарь. Москва, 1990. 559-б.

Тар мағынадағы фразеологизмдерге құрамы тұрақты, мағынасы біртұтас, даяр қалпында қолданылатын, лексикалық бірліктермен (атауыштық сөздермен) мағыналас, сырттай жай (еркін) сөздеріне ұқсас тұрақты сөз тіркестері мен сойлемшелер жатады. Шынында, фразеологизмдерді сақтай отырып, сөз мағынасына жақын не парапар мағынаны білдіреді. Мысалы: *ұзақ түнді көзбен атқызды* фразеологизмі — ұйықтамады, *дүние салды* — олді, *бетінен оты шықты* — ұялды, *мұрнына су жетпеді*, *мұрнынан шаншылды*, *мұршасы келмеді* — жұмысбасты болды, *ұзын арқан*, *кең тұсау* — еркіндік, *үн жоқ*, *түн жоқ* — үндемеді дегенді білдіріп, өзара мағыналас болып тұр.

Ал кен мағынадағы фразеологизмдерге жататын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің, жаңылтпаштар мен жұмбақтардың, номинативтік (атауыштық) бірліктердің т.б. өздеріне тән лексика-грамматикалық, стильдік ерекшеліктері бар. Олар сойлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қолданылатындығы, құрылымшылық тұрақтылығы жағынан ғана фразеологизмдерге жатқызылады, бірақ олардың мағынасы лексикалық бірлік ретінде сөздің беретін мағынасына балама, парапар емес, одан әлдеқайда кен. Мысалы, мақал-мәтелдер байымдау, түйіндеу, көбінесе бейнелі түрде астарлы мағынада жұмсалады. Мысалы: *еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей*, *мың сіз-бізден бір шыжбыж*, *алыстан арқалағанша*, *жақынан дорбала* т.б. мақал-мәтелдердің сипаты осындай.

§ 47. Фразеологизмдердің басты белгілері

Фразеология туралы еңбектерде фразеологизмдердің негізгі үш белгісі болатыны көрсетіліп жүр: мағына тұтастығы, құрылымшылық тұрақтылығы (І. Кеңесбаевта тіркес тиянақтылығы) және қолданылу тиянақтылығы. Бұл белгілердің қатарында фразеологизмдердің бейнелілігі көрсетілмеген. Фразеологизмдердің тұтастығы жай ғана тұтастық емес, бейнелі, мәнерлі тұтастық. Бейнелілік, мәнерлілік фразеологизмдердің басқа белгілері сияқты маңызды белгісі болып табылады. Сөйтіп, фразеологизмдер басқа тіл бірліктерінен төрт түрлі белгі-қасиетімен ерекшеленеді: 1) құрылым тұрақтылығы, 2) мағына тұтастығы, 3) даяр қалпында қолданылу тиянақтылығы, 4) бейнелілігі, мәнерлілігі. Осы белгілер фразеологизм атауының бәріне тән, тек бірінде толық, бірінде солғын болуы мүмкін¹.

¹ Кейбір зерттеушілердің пікіріне қарағанда, бұл белгі-қасиеттердің кейбіреулері фразеологизмдердің номинативтік тіл бірліктеріне тән емес. 1989 ж. шыққан "Орысша-қазақша фразеологиялық сөздікті" шығарушылар (жетекшілері М. М. Копыленко мен М. Балақиев) номинативтік тіл бірліктерін фразеологизмдерге жатқыза отырып, бірақ оларға фразеологизмдік компоненттердің семантикалық жағынан

Фразеологизмдердің жоғарыда көрсетілген белгілерін құрылымы немесе мағынасы жағынан оларға ұқсас басқа тіл бірліктерімен (еркін сөз тіркестері, күрделі сөздер, сөйлемдермен) салыстырғанда айқын көруге болады.

Фразеологизмдердің еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы. Бірінші айырмашылығы. Еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде сөздердің мағынасы жағынан өзара үйлесе отырып, кем дегенде екі сөздің грамматикалық жолмен еркін тіркесуінен жасалады, бірақ еркін сөз тіркестерінің құрамы тұрақты болмайды. Олардың құрамындағы сөздерді мағынасы, айтылуы жағынан солармен үйлесетін басқа сөздермен айырбастауға, орнын ауыстыруға болады. Мысалы: *зәулім үй* дегендегі *зәулім* сөзін *биік* сөзімен, *асықпай сөйледі* дегендегі *асықпай* сөзін *бантап*, *жайлап* сөздерімен ауыстырғаннан тіркестің мағынасы өзгермейді. Сол сияқты *Асан мен Үсен* тіркесін *Үсен мен Асан* деп құрамындағы сөздердің орнын ауыстырғаннан тіркестің мағынасы, грамматикалық сипаты өзгеріп кетпейді.

Ал фразеологизмдерге келсек, олар да кем дегенде екі сөздің тіркесуінен жасалады, бірақ олардың құрамы тұрақты. Мысалы: *қаншырдай қатқан*, *бықпырт тигендей*, *жігері құм болды*, *нарттай жанды*, *ұзында өші*, *қысқада кегі* сияқты тіркестердің құрамын өзгертуге, басқа сөздермен айырбастауға болмайды. Олар өздерінің фразеологизмдік сипатын сақтау үшін, құрамының біртұтастығын, тұрақтылығын өзгертпеуге тиіс. Ондай болмаған жағдайда фразеологизмдік қасиетінен айырылады.

Екінші айырмашылығы — фразеологизмдердің мағына тұтастығында. Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз. Фразеологизмдердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкеспейді, яғни лексикалық мағыналардың жиынтығы емес. **Фразеологизмдік мағына дегеніміз** — құрамындағы сөздердің не жеке бір сыңарының лексикалық мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы. Сол себепті фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады. Мы-

қайта жаңғыруынан туатын мағына тұтастығы (идиоматтылық) және компоненттерінің тұрақтылығы тән емес деп қарайды. Оған мысал ретінде орыс тіліндегі *вести дружбы* (достық қарым-қатынас жасау), *говорить русским языком* (орыс тілінде сөйлеу), *младший брат* (іні), *из года в год* (жылдан жылға), *без памяти* (есі кете), *за глаза* (сыртынан) т.б. бір қарағанда еркін тіркестер тәрізді тіркестер келтірілген. (Русско-казахский фразеологический словарь. Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік. Алма-Ата. 1989. 8-б.). Сөздікте осы сияқты номинативтік тіл бірліктерінің қазақ тіліндегі нұсқалары берілген.

салы: *ит арқасы қиян* (өте алыс), *қой аузынан шөп алмайды* (момын), *қойдан қоныр* (жуас), *түйе үстінен сирақ үйтеді* (икемсіз, епсіз адам туралы) сияқты фразеологизмдердің беретін тұтас мағыналары, олардың құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарынан мүлде бөлек мағыналар болып табылады. Тіпті фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналары анық байқалғанның өзінде, фразеологизмдердің мағыналары семантикалық біртұтастығынан айрылмайды. Мысалы: *санын соғып қалды* (оқиді), *тамырына балта шапты* (біржолата көзін жойды), *ит өлген жер* (өте алыс жер), *жер жастанды* (өлді), *шай қайнатым уақыт* (шай қайнайтын мезгіл), *жауыр болды* (мезі болды), *жауырды жаба тоқыды* (кемшілікті бүркеді, жасырды) сияқты фразеологизмдерде мағына тұтастығы сақталған.

Үшінші айырмашылығы — фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылу тиянақтылығында. Оған негіз болған фразеологизмдердің жоғарыда айтылған құрылымдық тиянақтылығы мен мағына тұтастығы. Осы белгілердің сақталуы нәтижесінде фразеологизмдер даяр тұрақты тіркес сипатына ие болады. Фразеологизмдер сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде жасалынбайды, біртұтас тіл бірлігі ретінде даяр қалпында жұмсалады. Мысалы: *сағы сынды, қырғиқабақ болды, жаман атты болды, арқаны кеңге салды, құлағын шулатты, құлағына ілмеді, көкірек керді, жер жастанды* т.б. Сөйлеуші бұларды сөйлеу үстінде өздерінше өзгерте алмайды, олар осы қалпында адамдардың жадында сақталған, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, даяр қалпында қайталанып отырады.

Ал еркін тіркестер керісінше сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде құрамындағы сөздердің өзара үйлесіп еркін тіркесуі арқылы жасалады. Еркін тіркестердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарына тәуелді, яғни фразеологизмдердей қайта жаңғыртылған мағыналар емес. Мысалы: *сулы жер, жалғыз бала, ауыл шаруашылығы, он мыңдаған, аталас рулар, шөп шапты, мал бақты, қызыға қарады, қайтып кетті, алқына бастады, сулығын шайнады, топ арасында* т.б. еркін тіркестердің мағыналары құрамындағы сыңарларының лексикалық мағыналарынан туып тұр.

Төртінші айырмашылығы — фразеологизмдердің көпшілігіне мәнерлік, айқындық, бейнелік қасиет тән екендігінде. Бұл қасиет фразеологизмдердің стилистикалық мәнін аттырады. Мысалы: *қабағы кірбің тартты* деген фразеологизмді оның баламалары болып табылатын *ренжіді, жабырқады* сөздерінің мағыналарымен салыстырсақ, фразеологизмдік тіркесте стилистикалық бояу, айшық, бейнелілік байқалады. *Қара шаңырақ* фразеологизмі нақты зат ұғымындағы шаңырақты, оның түсін білдіріп тұрған жоқ, одан әлдеқайда маңызды

“бір әулеттің үлкен үйі, тәрбие алып ұшқан ұясы” деген мағынаны білдіріп тұр. *Ту котерді, төсек жаңғыртты, төсек тартты, тұсауын кесті, соры қайнады, шошқа тағаладың ба?* т.б. фразеологизмдерде де стилистикалық айшық. бояу бар. Ал осы мысалдардың алғашқы екеуін “Солдат жерден құлаған туды котерді”, “төсекті қайта жаңғыртып салды” деген сөйлемдердегідей қолдансақ, онда олардың стилистикалық айшықты, бейнелік мәні жоқ, жай еркін тіркестер екені байқалады.

Бесінші айырмашылығы — еркін тіркестер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көнеді. Мысалы: *таулы жер* “гористая местность”, *атақты жазушы* “знаменитый писатель”, *тура нәтиже* “непосредственный результат”, *діндар адам* “правоверный человек”, *ретіне келтіру* “привести в порядок”, *құрылыс алаңы* “стройплощадка” т.б.

Ал фразеологизмдер әдетте бір тілден басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көнбейді, оларды басқа тілдегі баламалары арқылы немесе фразеологиялық мағыналарын түсіндіру арқылы беруге болады. Мысалы: *соры қайнау* фразеологизмін орыс тіліне сөзбе-сөз аударсақ, *кипеть его соли* болып, фразеологиялық мағынасы жоғалады, сол себепті оны “потерпеть неудачу, страдать” деп, түсіндіріп беруге тура келеді. *Сөге жамандама* фразеологизмін орыс тіліне сөзбе-сөз аударсақ, “не говори плохого” деген жай тіркес шығады, сондықтан оны орыс тіліндегі мағынасы соған жуық *не поминай лихом* деген фразеологизммен беруге болады.

Осы сияқты айырмашылықтарымен бірге фразеологизмдер мен еркін тіркестердің жақындасатын жағы да бар. Құрылымы сөйлемге ұқсас фразеологизмдердің құрамы формалды түрде еркін сөз тіркестерінен тұрады. Мысалы, *мұртын балта шаптайды* деген фразеологизм *мұртын шаптайды, балта шаптайды* деген екі еркін тіркестен, *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар* төрт еркін тіркестен, *бұлт үйірілді, апшысын қуырды, жүрек жалғады* деген фразеологизмдердің әрқайсысы бір-бір еркін тіркестен жасалған. Бұлар фразеологизмдік сипат алғанда, өздерінің еркін тіркестік мағыналарынан айрылып, бейнелі фразеологизмдік мағыналарға ие болған. Соңітіп, бұл арада еркін тіркестердің фразеологизмдерді жасайтын материал болып табылатынын көреміз.

Фразеологизмдердің сөзбен жақындығы. Бұлардың жақындығын білдіретін мағыналары мен атқаратын қызметтеріндегі ұқсастықтан көруге болады. Сөздің фразеологизмге жақындығы екі жағдайда айқын байқалады. Бірінші, тілдегі әрбір дербес мағыналы сөз лексикалық бірлік ретінде жеке тұрып, белгілі бір ұғымды білдіріп, даяр қалпында қолданысқа түсіп отырады. Сөйлеу үстінде белгілі бір затты, құ-

былысты, әрекетті қалай атаймыз деп жатпаймыз, ұрпақтан-ұрпаққа белгілі даяр атаулармен атаймыз. Яғни еркін тіркес сияқты сөз атау ретінде сөйлеу кезінде, қарым-қатынас үстінде жасалмай, даяр қалпында жұмсалады.

Екінші, лексикалық бірлік ретінде сөз де фразеологизм тәрізді бір ұғымды білдіреді, яғни ұғымды білдіруі жағынан сөз бен фразеологизмнің арасында ұқсастық бар. Осы ұқсастық нәтижесінде фразеологизмдер лексикологиямен жақындасалды. Мысалы: *көзді ашып жұмғанша* “тез, жылдам”, *су жүрек* “қорқақ”, *ат үсті* “үстірт, асығыс”, *ат ізін салмады* “қатынаспады”, *соқырға таяқ ұстатқандай* “өте анық, айқын”, *мүйізі қорағайдай* “мықты, жарамды”, *қара қылды қақ жарған* “әділ”, *зықысы шықты* “әбігерленді”, *жермен жексен етті* “қырды, жойды” т.б. фразеологизмдер жеке сөздермен мағыналас болып, солардың ұғымында қолданылып тұр.

Сөйтіп, жоғары айтылғандардан фразеологизмдердің, бір жағынан, еркін сөз тіркестерімен, екінші жағынан, сөзбен шектесіп жатқан екі жақты құбылыс екенін, екі жақтылығын көреміз.

Фразеологизмдердің сөйлеммен арақатынасы. Фразеологизм мен сөйлемнің құрылымдық жағында формалды жақындық, ұқсастық бар. Фразеологизмдерде жай, құрмалас сөйлемдер сияқты құрылымдар кездеседі. Мысалы: *сойылын соқты, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегінің түгі бар, салы суға кетті, тас-талқан болды* т.б. фразеологизмдердің құрылымы жай сөйлемдер сияқты. Мынадай жай сөйлемдермен салыстырыңыз: *жел соқты, ол төбеге шықты, айсыз ашық аспан, Хасен үзілген сөзін қайта бастады. Ал ай десе аузы бар, күн десе көзі бар; өй дер әже жоқ, қой дер қожә жоқ; жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты; бір ұрты май, бір ұрты қан* т.б. фразеологизмдік сөйлемшелердің құрылымы құрмалас сөйлемдер сияқты. Сөйлем құрылымымен ұқсастық әсіресе фразеологизмдерге жатқызылып жүрген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден айқын байқалады. Мысалы: *өкен мұрап болғанмен, жерің ой болсын; әшейінде ауыз жаппас, той дегенде елең татпас; жақсыдан үйрен, жаманнан жерен; айыратын жаман бар, қосатын жаран бар; әлді адам шалқақ келеді, әлсіз адам жалтақ келеді; Құдай деген құрғақ сөз, Алланың аты алтыс; жантақты жерде сопа бар, қыстақты жерде оба бар* т.б.

Фразеологизм мен сөйлемнің айырмашылығы лексика-семантикалық жағы мен синтаксистік қызметіне байланысты. Сөйлемнің негізгі функциясы коммуникативтік. Сөйлем — тілдің коммуникативтік бірлігі, синтаксистің объектісі. Ал фразеологизм ұғымды бейнелеп, мәнерлеп немесе түспалдап, астарлап білдіретін лексика-семантикалық бірлік, ол осы жағынан лексикалық бірлік — сөзге, сол

арқылы лексикологияға жақын. Сөйлемді синтаксистің объектісі ретінде мүшелеуге, сөйлем мүшелеріне талдауға болады. Фразеологизмдер лексика-семантикалық идиомалық бірлік болғандықтан, өз ішінен мүшеленбейді, тұтасымен бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Мысалы: *Мағаш пен Кәкітай есі шыққандай не қыларларын білмей, дал болып, үркіп қалысқан еді* (М. Әуезов) деген құрмалас сөйлемдегі *есі шыққандай, дал болып* фразеологизмдері қалай? деген сұраққа жауап беріп, қимыл-сын пысықтауыш болып тұр.

Фразеологизмдердің жоғарыда көрсетілген белгілерінің кейбіреулерін негізгі, басты, басқаларын қосалқы деп бөліп-жаруға болмайды. І. Кеңесбаев айтқандай, “осы белгілерді “тұтасымен” алып арқау еткенде ғана” фразеологизмдерді жете түсінуге болады. “Фразеологияны тіл білімі саласындағы дербес пән деп танудың өзі осы аталған заңдылықтарды (белгілерді — F.K.) қаншалық мойындауға байланысты болмақ”¹. Фразеологизмдердің жоғарыда талданған белгілерінің универсалдық сипаты жөнінде “Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте” былай делінген: “Егер белгілі бір тілде сөз категориясы болатын болса, фразеологизмнің мазмұны мен формасы тіл типіне тәуелсіз осы универсал белгілердің бәрін де сақтайды, себебі фразеологизм сөздердің тіркесуінен жасалатын категория”².

§ 48. Фразеологизмдердің түрлері

Фразеологизмдердің жоғарыда көрсетілген төрт белгісі негізінен фразеологизмдердің бәріне тән. Фразеологизмдердің сипаты сол белгілер арқылы анықталады. Бірақ олардың нақты фразеологизмдерге қатысы бірдей дәрежеде бола бермейді. Әсіресе мағыналық тұтастық пен құрылымдық тұрақтылық сияқты фразеологиялық белгілер фразеологизмдерді топтастыруда басты тірек болып табылады. Фразеологизмдерді топтастыру тәжірибесінен бұл жайт айқын байқалады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді топтастыруда екі пікір бар: бірі — І. Кеңесбаевтың топтастыруы, екіншісі — В. В. Виноградов пен Н. М. Шанскийдің үлгісі бойынша жасалған топтастыру.

І. І. Кеңесбаев фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы мен құрылымының тұтастығына карап, фразеологизмдерді екі топқа бөледі: фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркес, бұлардың алғашқысын *идиома*, кейінгісін *фраза* деп атайды³.

¹ Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 590-б.

² Лингвистический энциклопедический словарь, 560-б.

³ Кеңесбаев І. Корс. еңбек, 1977. 591-б.

Фразеологиялық түйдекке фразеологизмдердің құрамындағы сөздер өздерінің лексикалық мағыналарын мүлде жоғалтып, бір-бірімен өзара жымдасып, ажырамастай болып тұтасқан фразеологизмдерді жатқызады. Бұған мысал ретінде *қабырғаңмен кеңес, жүрек жалғады, қырғиқабак болды, тонның ішкі бауындай* сияқты фразеологизмдерді келтіреді. Мысалы, *қырғиқабак болды*-ның “араздасты”, “окпеледі” деген фразеологиялық мағынасы “қырғи”, “қабак”, “болды” сөздерінің тікелей лексикалық мағынасынан туып тұрған жоқ, сол үш сөздің тіркесіп, фразеологиялануынан (идиомалануынан) туып тұр. Егер осы сөздердің біреуін басқа сөзбен ауыстырсақ, онда “араздасты”, “окпеледі”-ні білдіретін фразеологизмдік мағына шықпайды. *Тонның ішкі бауындай* фразеологизмінің “өте жақын”, “өз адамындай” фразеологиялық мағынасы “тон”, “ішкі”, “бауындай” сөздерінің лексикалық мағыналарынан туып тұрған жоқ, осы үш сөздің біртұтас болып тіркесуінен шығып тұр. Басқа мысалдар да осындай.

Фразалық тіркеске құрамындағы сөздер негізгі (лексикалық) мағынасынан түгелдей емес, жарым-жартылай ғана айырылған, бірақ құрамы берік фразеологизмдерді жатқызады. Оған мысал ретінде *белін қынай буынды, ата жолын қуды, егіліп жылады, шалқар көл, жосадай қан, мидай дала* сияқты фразеологизмдерді келтіреді. “Бұл тізбектердің әрқайсысындағы компоненттер өзінің негізгі мағынасынан айрылып қалған жоқ, бастапқы тікелей мағынасын сақтап тұр”¹.

Автордың түсіндіруінше, фразеологиялық түйдекке де, фразалық тіркеске де ортақ қасиет — тиянақтылық. Олардың компоненттерінің орын тәртібі бекем болуы шарт. Сонымен бірге фразеологиялық түйдектер мен фразеологиялық тіркестердің қолданылу үстінде бірін-бірі ауыстырып отыратынын, сол себепті кейде оларды ажыратып алудың қиындығын ескертеді.

І. Кеңесбаев қолданылуы мен семантикасында, грамматикалық құрылысында елеулі өзгешелігі бар екенін ескерте отырып, фразеологизмдерге мақал-мәтелдерді жатқызады. Сонымен бірге қос сөздер мен қосар тіркестерді тиянақты қалыптасқан сөз тізбектерінің катарына қосып, фразеологизмдерге жатқызады. Мысалы: *алуан-алуан, еміс-еміс, дүркін-дүркін, үн-үлкен, жап-жақсы, ұзынды-қысқалы, ертелі-кеш, аяқ-табак* т.б. қос сөздер; *ақай жоқ, тоқай жоқ; алалы жылқы, ақтылы қой; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс; қазанға қақпақ, есікке ергенек; басы ауырып, балтыры сыздап; әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып* т.б. қосарлы тіркестер келтіріледі.

¹ Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. 200-б.

1. Кеңесбаевтың фразеологизмдерді топтастыруы 1940 жылдан 1970 жылға дейін қазақ тілі білімінде фразеологизмдерді бірден-бір топтастыру ретінде пайдаланылып келді.

2. 1970 жылдардан бастап В. В. Виноградов пен Н. М. Шанскийдің үлгісі бойынша фразеологизмдердің біртұтас мағынасы мен құрастырушы сыңарлары мағыналарының арақатынасы тұрғысынан қазақ тіліндегі фразеологизмдерді төрт топқа бөлу тәжірибесі қалыптасты¹. Олар: фразеологиялық тұтастық (фразеологическое сращение), фразеологиялық бірлік (фразеологическое единство), фразеологиялық тіркес (тізбек емес) (фразеологическое сочетание), фразеологиялық сөйлемше (фразеологическое выражение).

1) **Фразеологиялық тұтастық.** Бұған құрамындағы сөздер бір-бірінен ажырамастай болып жымдасқан, өздерінің лексикалық мағыналарын жоғалтқан, семантикалық жағынан біртұтас фразеологизмдер жатады. Мұндай фразеологизмдердің мағынасы уәжділігінен айырылған, мағыналарының неге солай болып қалыптасқанын дәлелдеу мүмкін емес. Мысалы: *жүрек жұтқан* (ешнәрседен қаймықпайтын), *қой аузынан шөп алмайды* (момын адам), *жаны күйді* (ыза болды, қорланды), *ит арқасы қиян* (оте алыс, шалғай), *қаны қарайды* (ашуға булықты, түңіле ыза болды), *жігері құм болды* (еңбегі еш болды, дінкесі құрылды) т.б. фразеологизмдердің біртұтас мағынасы құрамындағы жеке сөздердің лексикалық мағыналарынан мүлде бөлек, олардың қандай қалыптасқанын, қандай уәж себеп болғанын айту қиын.

Фразеологизмдердің бұл түрі жалпы тіл білімінде идиомалар деп аталады, бұлар І. Кеңесбаевтың топтастыруында фразеологиялық түйлек деп берілген.

2) **Фразеологиялық бірлік.** Бұған фразеологизмді құрастырушы сыңарларының біртұтас ауыс мағынаға ұласуынан туған, бірақ ішкі формасының айқындылығын сақтаған фразеологизмдер жатады. Бұлар да фразеологиялық тұтастықтар сияқты семантикалық жағынан ажырамайтын, құрамы тұрақты, идиомалар сияқты біртұтас тіл бірліктері болып табылады. Басқаша айтқанда, фразеологиялық бірліктердің негізінде еркін сөз тіркестері жатыр, еркін сөз тіркестерінің ауыс мағынада айтылуынан туған бейнелі мағыналардан фразеологиялық бірліктер жасалған. Фразеологиялық бірліктердің қалыптасуындағы осы ерекшелік біртұтас мағынасы сыңарларының мағыналарына жуыспайтын фразеологиялық тұтастықтардан негізгі айырмасын көрсетеді. Мысалы, “қозін жойды” мағынасын білдіретін *тамырына балта шапты*

¹ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1973. 214—215-б.

фразеологизмінің негізінде “ағаштың тамырына балта шапты” деген еркін тіркес мағынасының бейнелі туынды мағынаға ауысуы себеп болған. Сол сияқты *тайға таңба басқандай, ит байласа тұрғысыз, тамырын басты, сөз салды, шапшауын көтерді, ат күйірігін кесісті, атқа жеңіл телтекбай, белін буды, белі көтерілді, жарасы жеңіл* т.б. фразеологизмдердің қай-қайсысы болсын еркін тіркестердің ауыс мағынада қолданылуынан барып, бірте-бірте біртұтас бейнелі мағынаға ие болған.

Фразеологиялық бірліктің бейнелі мағынасы құрамындағы сыңарларына емес, тұтас тіркес қалпына тән. Мысалы, *ат ізін салмады* фразеологизмінің құрамындағы *ат, із, салмады* сөздерінде жеке алғанда бейнелі мағына жоқ, олар бейнелі мағынаға тіркескен қалпында ғана ие болған.

Фразеологиялық бірлік пен I. Кеңесбаевтың фразалық тіркес деп топтастыруы бір-біріне сәйкес. Бірақ жіктеу принципінде айырмашылық бар. I. Кеңесбаев фразалық тіркесті анықтауда еркін тіркестердің құрамындағы сөздердің негізгі мағынасынан түгелдей емес, жарым-жартылап айырылатынына сүйенген, ал фразеологиялық бірлікті анықтауда еркін тіркестердің құрамындағы сөздердің тұтас қалпында (жеке сөздері емес) бейнелі мағынаға ауысатыны негізге алынған.

3) **Фразеологиялық тіркес¹**. Бұған құрамындағы ерікті мағынасындағы сөз бен байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесуінен жасалып, даяр қалпында қолданылатын фразеологизмдер жаталы.

Мысалы, *қолан шаш* фразеологизмінің құрамындағы *шаш* сөзі ерікті мағыналы сөз, себебі ол басқа да бірқатар сөзбен тіркесе береді: *сүмбіл шаш, сұлу шаш, бұрыл шаш, қара шаш, әдемі шаш, ақ шаш* т.б., ал *қолан* сөзі кез келген сөзбен тіркесе бермейтін. осы мағынасында тек *шаш* сөзімен тіркесетін мағынасы байлаулы сөз. *Түлен тұртті* фразеологизміндегі *тұртті* сөзі де ерікті мағыналы сөз, ол *сайтан тұртті, қолмен тұртті, ажал тұртті, көзге тұртті, сор тұртті* т.б. тіркестерде кездесе береді, ал *түлен* сөзінің мағынасы байлаулы, ол тек *тұртті* сөзімен ғана тіркесе алады. *Сүмбіл шаш, ариын тос, тас қараңғы, қышша бел, жапан тұз, жапан шекті, жапандан жалғыз, қоян жүрек, күндіз баласы, түн баласы, құла тұз, сұғын қадады, баз кешті, бықпырт тигендей, телегей теңіз, екі көзі бұлаудай* т.б. фразеологизмдері де осындай.

¹ Шын мәнінде, фразеологиялық тіркесті тізбек деуге келмейді, оларда тізбектік сипат жоқ, әрқайсысы жеке-жеке тіркес, сол себепті бұларды фразеологиялық тіркес деп атау орынды.

Фразеологиялық тіркестердің тағы бір ерекшелігі, олардың құрамындағы байлаулы мағынадағы сөздерді оларға синоним болатын сөздермен ауыстыруға болады. Мысалы, *қоян жүрек — су жүрек, қылша бел — құмырсқа бел, зар жақ — қу жақ, самар жақ, құла тұз — жасан тұз* т.б. Мұнда *қоян* сөзінің орнына *су*, *қылша* сөзінің орнына *құмырсқа*, *зар* сөзінің орнына *қу*, *самар*, *құла* сөзінің орнына *жасан* сөзі жұмсалып тұр.

Фразеологиялық тіркеске жарыса, қабаттаса қосарлану арқылы қалыптасқан, қолданылуы тиянақты, құрамы тұрақты, мағынасы құрамындағы сөздердің мағыналарының жиынтығынан жасалған қос сөздерді жатқызуға болады. Мысалы: *кешелі-бүгінді, аяқ-табақ, күндіз-түні, қалғып-шұлығып, шыбын-шіркей, құрбы-құрдас, астан-кестен, асықпай-саспай, терлеп-тепшіп, тамыр-таныс, қаңғыр-күңгір* т.б. қосарлама қос сөздер: *әрең-әрең, сиыр-миыр, шай-пай, кемпір-семпір, мәре-сәре, сатыр-сұтыр, жалтаң-жұлтан, жап-жақсы, дөп-дөңгелек* т.б. қайталама қос сөздер жатады.

Бірақатар қос сөздің құрамында мағынасы байлаулы сөздер сақталып қалған: *шал-шауқан, қойшы-қолан, жүдеп-жадап, үйлі-баранды, әуре-сарсан, арық-тұрақ, тоқты-торым, жылап-сықтап, ығы-жығы, оқта-текте, анда-санда, жігіт-желең, қыз-қырқын* т.б. Бұл сияқты қос сөздердің құрамындағы *қолан, жадап, баранды, сарсан, тұрақ, торым, сықтап, ығы, жығы, оқта, текте, санда, желең, қырқын* кез келген сөзбен тіркесе бермейтін, мағынасы байлаулы сөздер.

Кейбір еңбектерде фразеологизм объектілерін кең мағынада қарастырып, фразеологиялық тіркестерге күнделікті қарым-қатынаста (коммуникативтік) қолданылатын сөз тіркестері және затты, оның белгілерін атап білдіретін атауыштық (номинативтік) сөз тіркестері жатқызылып жүр. Мысалы: күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын фразеологиялық тіркестерге: *бір сағат бойы, аяқ астынан, ауызға ие болу, қонақта болу, дауыс алу, түпсіз түңғиық, басты жұмыс, шындықты айту, аузын бұртиту, өмір-бақи, таң сәріде, табысты болу, сөз жоқ, жаман әдет, деңгейін арттыру, шын мәнінде, себебін түсіну, баяндама жасау, көмекке келу, жәрдем ету, іс жүзінде, белгілі бір, байланыс жасау, шу шығару, құдайға шүкір! күш жұмсау, жылмаң қағу, өте қымбат* т.б.; атауыштық фразеологиялық тіркестерге: *мемлекеттік кәсіпорын, мемлекеттік жоспар, азамат соғысы, азаматтық неке, азаматтық сот, азаматтық құқық, сөз еркіндігі, айналымда жоқ ақша, ток күші, орта білім, жоғары оқу орны, сауда орталығы, радио қондырғы, орташа жылдамдық, объективтік ақиқат, қоғамдық құрылыс, ақ түндер, орыс кеші, ағылшын тұзы, жоғары*

материя, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қыстырма сөз т.б.¹ Атауыштық фразеологиялық тіркестер негізінен терминдік мағынада қолданылады.

Бұл сияқты фразеологиялық тіркестерге тән қасиет — мағыналары құрамындағы сөздердің ерікті мағыналарының жиынтығына сәйкес қалыптасып, сөйлеу үстінде даяр тіркес қалпында қолданылады. Құрамында мағынасы байлаулы сөздер кездеспейді, тіркестік құрамы тиянақтылыққа, идиомалыққа тәуелді емес, экспрессивтілігі, бейнелілігі әлсіз, жоқтың қасы, сырттай карағанда семантикалық жағынан ажыратуға болатын еркін сөз тіркестеріне ұқсас келеді. Оларды баламаларын табу, суреттеу, дәлме-дәл аудару тәсілдері арқылы бір тілден, екінші тілге аударуға болады. Мысалы, *бір сағат бойы* тіркесі күнделікті қарым-қатынаста даяр қалпында қолданылатын, тіркестік мағынасы *бір, сағат, бойы* сөздерінің лексикалық мағыналарының жиынтығынан жасалған тіркес. Оның тіркестік құрамы оған тірек болып тұрған *бір сағат* тіркесінің негізінде өзгеріп, синонимдік түрлері тууы мүмкін: *бір сағат уақыт, бір сағат ішінде* т.б. *Мемлекеттік кәсіпорын* тіркесі даяр қалпында қолданылатын атауыштық термин, мағынасы құрамындағы *мемлекеттік, кәсіпорын* сөздерінің лексикалық мағыналарының жиынтығынан жасалған. Терминдік сипаты болғандықтан, онда жарыспана нұсқалар болмайды, белгілі бір қоғамдық ұғымды білдіреді.

4) **Фразеологиялық сөйлемше.** Оған құрамы мен қолданылуы тұрақты, біртұтас бейнелі мағынасы ерікті сөздердің тіркесуінен жасалатын, құрылысы сөйлемге ұқсас фразеологизмдер жатады. Бұлардың фразеологиялық сипаты сөйлеу үстінде қалыптаспай, даяр, орнықты қалпында қолданылатындығына, ал сөйлемше деп аталуы құрылымы жағынан сөйлемге ұқсастығына байланысты. Мысалы: *су сепкендей басылды* деген фразеологиялық сөйлемше *су сепкендей, сепкендей басылды* деген екі еркін тіркестен, *күле кіріп, күңіріне шықты* — екі еркін тіркестен, *құланның қасынуына, мылтықтың басуы* — екі еркін тіркестен құралып, сөйлем түрінде айтылып тұр. Бұлардың тұрақты тіркестік мағынасында біртұтастық бар: *су сепкендей басылды* “лезде тынышталды”, *күле кіріп күңірене шықты* “арам ниетті, екі-жүзді”, *құланның қасынуына мылтықтың басуы* “орайы келді, сәті түсті” дегенді білдіреді.

Фразеологиялық сөйлемшелерге жай сөйлем түрінде қалыптасқан: *Алланың салғанын көрді, ана сүті аузынан арылмаған, сырдың суы*

¹ Русско-казахский фразеологический словарь. Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік. Изд. второе, дополненное и исправленное. Алма-Ата. 1989.

сирағынан келмейді, көкірегі қарс айырылды, кісі бетіне қарай алмады, су аяғы құрдымға кетті, тұла бойы түршікті, үш қайнаса сорпасы қосылмайды, іштен шыққан шұбар жылан, төбесі көкке екі елі жетпеді т.б.; ауыз әдебиетінде кездесетін: қара қазан, сары баланың қамы; темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей (болғанша), тебінгіден тер жауып, қабырғадан қан жауып; қарға жүнді қаттасым, үйрек жүнді оттасым т.б.; даяр қалпында қолданылатын қосар тіркестер: арқа еті арша, борбай еті борша; аспанды алақандай, жерді тебінгідей (етті); аттыға жол, ауыздыға сөз бермеді; ауырдың үстімен, жеңілдің астымен; қаққанда қанын, соққанда сөлін шығарды; қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай т.б. фразеологиялық сөйлемшелер жатады.

Фразеологиялық сөйлемшелердің кейбіреулері құрмалас сөйлем іспеттес. Мысалы: үн жоқ, түн жоқ; айрандай аптап, күбідей күшпен; апысы кіріп, күпісі шықты; әй дер әже жоқ, қой дер қожа жоқ; ақай жоқ, тоқай жоқ т.б.

Жоғарыда келтірілген фразеологиялық сөйлемшелерде құрамының тұрақтылығы, мағына тұтастығы, бейнелілік, қолданудағы тиянақтылығы сияқты фразеологизмдерге тән жалпы қасиеттер белгілі мөлшерде сақталып отырады. Фразеологизмдердің басқа түрлерінен айырмашылығы құрылымының сөйлемге ұқсастығында.

Кесте

Фразеологизмдердің топтастырылуы

Тар мағынада	Keң мағынада
Фразеологиялық тұтастықтар (идиомалар, фразеологиялық түйдектер)	Қос сөздер Қосар тіркестер
Фразеологиялық бірліктер	(параллель фразеологизмдер)
Фразеологиялық тіркестер	Коммуникативтік тіркестер
Фразеологиялық сөйлемшелер	Номинативтік (атауыштық) тіркестер
	Мақал-мәтелдер
	Қанатты сөздер
	Жаңылтаптар
	Жұмбақтар
	Көркем мәтін үзінділері
	Фольклорлық тұрақты сөз үлгілері
	Сәлемдесу жоралғылары